

2024 жылдың тамыз айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 79,6 млрд. теңгеге 189,8 мың ақша аударымдары жіберілген. 2024 жылдың шілде айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 8,5%-ға азайса, көлемі 5,6%-ға азайды.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа ХААЖ арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2024 жылдың тамызында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 3,3% және жалпы сомасының 2,9% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 96,7% және 97,1% құрайды.

## ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

### ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2024 жылдың тамызында шетелге ХААЖ арқылы 77,3 млрд. теңге сомаға 183,4 мың транзакция жіберілді. 2024 жылдың шілде айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 8,7%-ға азайса, көлемі 5,7%-ға азайды.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Өзбекстан – 30,0 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 38,8%), Ресей – 19,0 млрд. теңге (үлесі 24,6%), Түркия – 13,2 млрд. теңге (үлесі – 17,1%), Грузия – 4,3 млрд. теңге (үлесі – 5,5%), сондай – ақ Қырғызстан -3,0 млрд. теңге (үлесі-3,8%).

### *Ақша аударымдарының жүйелері бойынша*

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	167,14	91,1%	66 762,35	86,4%
Вестерн Юнион	10,23	5,6%	7 126,72	9,2%
MONEYGRAM	1,55	0,8%	1 618,36	2,1%
Басқа ақша аудару жүйелері	4,53	2,5%	1 754,78	2,3%
<b>Жалпы жиынтығы</b>	<b>183,45</b>	<b>100,0%</b>	<b>77 262,21</b>	<b>100,0%</b>

### *Елдер бойынша*


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Өзбекстан	54,62	29,8%	29 970,58	38,8%
Ресей	86,11	46,9%	19 019,65	24,6%
Түркия	22,90	12,5%	13 218,77	17,1%
Грузия	2,27	1,2%	4 259,78	5,5%
Қырғызстан	6,09	3,3%	2 954,58	3,8%
Қытай	2,15	1,2%	2 833,47	3,7%
Армения	0,72	0,4%	1 036,92	1,3%

Әзірбайжан	1,25	0,7%	999,19	1,3%
Тәжікстан	2,55	1,4%	702,07	0,9%
Украина	1,03	0,6%	422,59	0,5%
Басқалары	3,77	2,1%	1 844,61	2,4%
<b>Жалпы жиынтығы</b>	<b>183,45</b>	<b>100,0%</b>	<b>77 262,21</b>	<b>100,0%</b>


### ***Валюталар бойынша***

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 33,2%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 57,1%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 54,6% және 34,1%) жүргізілді.

**Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі**



**Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі**



### **ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ**

2024 жылдың тамыз айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 20,0 млрд. теңге сомаға 59,5 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2024 жылдың шілде айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 11,2%-ға азайса, көлемі 7,6%-ға азайды.

Шетелден алынған ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей – 5,1 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 25,6%), Америка Құрама Штаттары – 2,8 млрд. теңге (үлесі – 14,2%), Корея Республикасы – 2,1 млрд. теңге (үлесі – 10,6%), Өзбекстан – 1,9 млрд. теңге (үлесі – 9,7%), сондай-ақ Түркия – 1,85 млрд. теңге (үлесі – 9,3%).

### ***Ақша аударымдарының жүйелері бойынша***

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	28,54	48,0%	10 331,30	51,7%
Вестерн Юнион	18,48	31,1%	6 045,14	30,3%
MONEYGRAM	9,16	15,4%	3 270,71	16,4%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,31	5,6%	336,21	1,7%
<b>Жалпы жиынтығы</b>	<b>59,48</b>	<b>100,0%</b>	<b>19 983,36</b>	<b>100,0%</b>


### Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	22,38	37,6%	5 115,21	25,6%
АҚШ	7,53	12,7%	2 844,69	14,2%
Корея Республикасы	3,45	5,8%	2 126,87	10,6%
Өзбекстан	3,05	5,1%	1 941,74	9,7%
Түркия	5,12	8,6%	1 854,93	9,3%
Германия	7,40	12,4%	1 571,37	7,9%
Қырғызстан	1,33	2,2%	821,20	4,1%
Грузия	0,70	1,2%	585,09	2,9%
Әзірбайжан	0,42	0,7%	328,82	1,6%
Израиль	0,77	1,3%	252,58	1,3%
Басқалары	7,34	12,3%	2 540,86	12,7%
<b>Жалпы жиынтығы</b>	<b>59,48</b>	<b>100,0%</b>	<b>19 983,36</b>	<b>100,0%</b>

### Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 43,6% және жалпы сомасының 60,7%) және қазақстандық теңге (тиісінше 29,1% және 18,7%) жүргізілді.

Алынған аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Алынған аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

